

Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 1 сәуір N 2166.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067
Жарлығымен. ~U963067

Мемлекеттік органдардың құқық бұзушылықтың алдын алу және оны тыю жөніндегі қызметін жетілдіру және тиімділігін арттыру, қылмыстық көріністерге қарсы күрестің үйлестірілуін және оған кешенді тұрғыдан келуді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1995 жылғы 1 сәуірдегі
N 2166 қаулысымен
бекітілген

Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
жөніндегі республикалық кеңес туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес (бұдан былай - Кеңес) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және құқық бұзушылықтың алдын алу мен оны тыю жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қылмыстық көріністерге қарсы күрестегі іс-қимылын

үйлестіруді жақсарту мақсатында құрылған.

2. Кеңес Қазақстан Республикасының Президентіне есеп және өз қызметінде оның алдында жауап береді.

3. Кеңес өзінің өкілеттігін кез келген басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан және қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз әрі Қазақстан Республикасының заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерімен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды. Кеңес мүшелері мәжілістерге ауысу құқығынсыз қатысады.

II. Кеңестің негізгі міндеттері

6. Кеңестің негізгі міндеттері:

- қылмыс жағдайына талдау жасау, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу және олардың орындалуын бақылау, мемлекеттік органдардағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлықтың көрініс беруіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;

- мемлекеттік органдардың қылмысқа қарсы күрес, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Жоғарғы Кеңесі қызметке тағайындайтын (сайлайтын) және қызметтен босататын мемлекеттік қызметшілердің арасындағы сыбайлас жемқорлықтың деректерін анықтау жөніндегі қызметін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының Президентіне, Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетіне қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шұғыл заң шығарушылық, ұйымдастырушылық және басқа шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

- қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, қаулылары мен өкімдерінің орындалуын бақылау;

- Қазақстан Республикасының Президентін, Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетін қылмыстың және оған қарсы күрестің жай-күйі туралы хабардар ету болып табылады.

III. Кеңестің құзыры

7. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

- құқық қорғау және басқа органдардың қылмысқа қарсы күрес, ведомстволардың өзара іс-қимылы және бұл проблемаға кешенді көзқарас мәселелері жөніндегі тәжірибесін зерделейді;

- мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарын, Президенттің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ республика Үкіметінің осы аталған құқықтық актілерді жүзеге асыру жөніндегі шешімдерін орындауы жөніндегі қызметін бақылайды және оны тексереді әрі олардың тиісінше орындалмауына кінәлі мемлекеттік қызметшілерді жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізеді;

- Кеңес өз мәжілістерінде қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің проблемалық мәселелерін қараудың нәтижелері бойынша тиісті мемлекеттік органдар тарапына ұсыныстар қабылдайды, олар қаралуға міндетті болып табылады;

- мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының қызмет бабындағы қиянат фактілері туралы жеке адамдардың, ведомстволар мен ұйымдардың хаттары мен арыздарын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарын карап, олар жөнінде тиісті шешімдер қабылдайды;

- мынадай:

- қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімдігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың құрылымын жетілдіру, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметінің басым бағыттарын белгілеу жөнінде;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын жетілдіру жөнінде;

- мемлекеттік қызметшілерді, соның ішінде Қазақстан Республикасының Президенті немесе Жоғарғы Кеңесі лауазымға тағайындап (сайлап) және лауазымнан босататын мемлекеттік қызметшілерді лауазымнан босату туралы ұсыныстар енгізеді.

IV. Кеңестің өкілеттігі

8. Кеңес өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау кезінде:

- заңдарды бұзу фактілері жөнінде тексерістер жүргізуге;

- кез келген мемлекеттік басқару және өкімет органдарынан, жергілікті әкімдермен Кеңеске жүктелген міндеттерді орындауға қажетті мәліметтерді, құжаттар мен материалдарды сұратып алуға;

- қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері

жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының, Президент актілерінің толық, уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етпеген, сондай-ақ олар жөнсіз іс-әрекет жасаған жағдайларда, лауазымды адамдардан жазбаша түсініктеме алуға;

- құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарға лауазымды адамдардың қызмет бабындағы қиянат фактілері жөнінде, қолданылған шаралар туралы соңыра Кеңесті хабардар ете отырып, тексерістер жүргізуді тапсыруға;

- өз мәжілістерінде қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдауға;

- құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарға Кеңестің қолында бар материалдар бойынша заңдарға сәйкес шаралар қолдануды жүктеуге;

- қажет болған жағдайда қылмысқа қарсы күрес проблемаларын зерделеуге және тексерістер жүргізуге кез келген мемлекеттік органдардың және мекемелердің мамандары мен қызметкерлерін тартуға құқылы.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Кеңес сұрау салған ақпаратты кідіріссіз түрде тапсырып отырады.

9. Кеңестің мүшелері немесе оның атынан іс-қимыл жасайтын, тиісті ұйғарымдары бар адамдар өз қызметінің мәселелері бойынша кез келген органдарға, мекемелер мен ұйымдарға кедергісіз баруға құқылы.

V. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

10. Кеңестің жұмысы жарты жылға әзірленетін жоспар негізінде жүзеге асырылады. Кеңестің мәжілістері екі ай сайын кемінде бір рет, сондай-ақ қажеттілікке қарай өткізіліп отырады.

11. Кеңестің мәжілісін оның Төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша Төрағаның орынбасары не болмаса Кеңестің басқа мүшесі өткізеді. Кеңес оның мүшелері құрамының жартысынан астамы бар болған жағдайда өкілетті.

12. Кеңестің шешімі қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданып, хаттамамен ресімделеді, Төрағаның қолы қойылады және мүдделі министрліктер мен ведомстволарға, жергілікті әкімдердің аппараттарына және өзге де мемлекеттік органдарға жіберіледі.

13. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының мүшелері, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және Жоғары Төрелік Сотының Төрағасы Кеңестің мәжілістеріне қатысуға, өз пікірлерін білдіруге және талқыланған кез келген мәселелер жөнінде тұжырым жасауға, сондай-ақ өз ұсыныстарын енгізуге құқылы.

14. Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті

Апаратының Заңдылықты, құқық тәртібі мен сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ